




Шығыс мәдениетіндегі
философия феномені.

ЖОСПАР:

- 1. Ежелгі Үнді философиясы.
- 2. Ежелгі Қытай философиясындағы адам және дүние мәселесі.

Көне Үнді философиясының басты ерекшеліктері:

- 1) ғылыми оймен байланысының аздығы;
- 2) жеке тұлғалық сипатының нашарлығы;
- 3) діни-мифологиялық оймен тығыз байланыстылығы;
- 4) философиялық ой ескерткіштерінің хронологиялық жағынан жүйесіздігі және белгісіздігі;
- 5) негізгі философиялық ұғымдардың мән-мағынасының күрделілігі және сантүрлілігі.



Үнді философиясын ың қалыптасуының негізгі кезеңдері

Ведалық
кезең
б.э.д. XV-
VI ғғ

Эпикалық
кезең
б.э.д. VI-II
ғғ.

Сутралар
дәуірі
б.э.д. II-II
ғғ.

Орта
ғасырлар
XV-VI ғғ

Жаңа
уақыт

Ежелгі Үнді философиясы.

- Ежелгі үнді философиясы үш кезеңге бөлуге болады:
- Б.з.д. ХҮ+ҮІ ғғ. — ведалық кезең.
- Б.з.д. ҮІ – ІІ ғғ. эпикалық кезең.
- Б.з.д. ІІғ. — б.з. VII ғ. сутралық кезең.

Ведалар (санскрит тілінде – “білім”) – б.з.д. ХҮ ғасырлада Орта Азия, Еділ жағалауы, Ираннан Үндістанға келген арийлер тайпасының жасаған діни-философиялық трактаттары.

Ведалар құрамына “ әдетте мыналар кіреді:

- “қасиетті жазулар”, діни-ұрандар (**самхиттер**);
- **брахмандардың** (абыздардың) шығарған, жазған жоралғы-рәсімдерін бейнелейтін және діни уағыздард өткізгенде қолданылатын нұсқалар;
- орман тақуаларының кітаптары (**“араньяктар”**);
- Ведаларды философиялық түсіндіру (**“упанишадалар”**).

Веданың құрамы

Самхит

(қасиетті
жазбалар,
және діни
гимндар)

Брахманы

(салттар)

Араньяки

(орман
абыздар
туралы)

Упанишады

(Ведаларға
философиялық талдау
жасау)



Веда – қасиетті ілім

Атман – ішкі түпнегіз, болмыстың тәни негізі

Атман адам болмысында сана сезімінің арқасында аса пәк болады

Карма құдыретті сый немесе жаза адам тағдырындағы себептілік

Жан тәннің егізі, жан тәнмен бірге жоғалмайды.



Сансара – кармаға тән жанның кезекті болмысының мәні.

Сансара – адам тағдыры болса тек брахмандарға тән аяқталуы мүмкін.

Жанның жайбарақаттық жағдайы **МОКША**
Ведалар бойынша деп аталған

Нирвана басты мақсаты жан болмыстан азат етуді мақсат етеді.

Ежелгі Үнді философиялық мектептер екі бағыттан тұрады:

1. **ортодоксалды** (Веданы мойындайтын)
философиялық 6 мектептер: вайшешика, ньая, йога, миманса, веданта, санкхья.

2. **Бейортодоксалды** (веданы мойындамайтын) мектептер:
- буддизм, жайнизм, чарвака-локаята.

Буддизм – Үндістанда (б.з.б. Үғ. кейін), Қытайда, Оңтүстік-Шығыс Азияда және басқа өңірлерде кең тараған діни-философиялық ілім. Буддизм негізін Гаутама Будда (Сидхардха Шакьямуни) (б.з.б. 483 ж.) салды. Ол қиыншылыққа толы, күрделі өмір соқпақтарынан өтіп, б.з.д. 527 ж. “нұрланып”, өзінің уағыздарын тарата бастады.

Ежелгі үнді философиясының бағыттары

Ортодоксалды

- Йога
- Веданта
- Вайшешика
- Миманса
- Санкхья
- Ньяя

Ортодоксалды емес

- Буддизм
- Джайнизм
- Чарвака –
Локаята

Вайшешика – атомистикалық ілімге негізделген мектеп. Мектептің атауы «вишеша» - «ерекшелік» деген мағынаны білдіреді. Вайшешик мектебі б. з.д.VI-Vғ.ғ. п.б. Вайшешик философиясы бүкіл дүниенің пайда болуы мен ыдырауын атом ілімі арқылы түсіндіруге көңіл бөледі. Атомның төрт түрлері – жердің, ауаның оттың және судың атомдар байланысы дүниенің тұтастығын құрайды. Осындай тұжырымы үшін вайшешиктерді атомистер деп атайды. Вайшешиктер күрделі объектілердің пайда болуы мен жойылу тәртібін, олардың мәңгі еместігін түсіндіруге көңіл бөледі. Атомдардың байланысын сезінуге болмайды, логикалық тоқтаммен ғана түсіндіруге лайықты. Дүние – физикалық денелер мен тірі заттар қарым-қатынасының жүйесі. Дүниедегі тәртіпті мораль, адамгершілік тәртібі дерлік. Өйткені өмір мен әрбір индивидтің тағдыры кеңістік пен уақыттың физикалық заңдарына ғана тәуелді емес, олар карманың жалпылама моральдық заңына да бағынышты.



Ньяя - гносеологиялық мектеп. Ол б.з.д. III ғ. пайда болған. Ньяя философиясының негізі Готаманың (немесе Гаутаманың) «Ньяя- сутр» шығармасында қаланған. Ньяя философиясын көбінесе ойлану туралы және сыни талдау туралы ілім деп жатады. Осындай ұйғарымға жетелеген себеп те бар. Готама дұрыс танымның жағдайына және шындықты танудың тәсілдеріне айрықша мән берген. Ньяя философиясы логикалық проблемалармен көп шұғылданған. Десекте, ньая философиясының басты, түп мақсаты - бұл мәселе ғана емес, адам өмірін мәңгі азап-қайғыдан құтқару жолы. Осы тұрғыдан алғанда ньая философиясының-шындықты тануға, логикасының – дұрыс танымның тәсілімен жағдайларын анықтауға тигізер ықпалы мол.





Йога – адам психологиясы, түрлену дөңгеленген азат болу ілімі. Йога б.з.д. II ғ. пайда болған. «Йога» сөзі «шоғырлану» деген мағына береді, оның негізін қалаушы болып кемеңгер Патанджали есептелінеді. Йога жүйесі ведалық дәстүрді іс жүзіне асыруға, күнделікті тіршілікте үйретуге ерекше мән берді. Йога жүйесі рухты дене арқылы, дененің сыртқы қызметін барлық шектеулерден босатпақ, тіпті босататын теориялық нұсқауымен және практикалық негізімен тартымды. Йога жүйесіндегі басты мәселе - жаттығу тәсілдері мен практикасы арқылы жеке адамды өзін-өзі ұстауға, өзінің сезімі мен мінез-құлқын бақылауға, жан дүниесін баулуға үйрету. Йоганың мақсаты – тән мен жанның үйлесіміне жету. Денені шынықтыру арқылы жан саулығы мен сергектігін жетілдіру.



Миманса – таным мәселесімен айналысты. Ол б.з.д. III ғ. пайда болды. Мимансаның негізі Джайминидің «Сутрасында» қаланған. «Миманса» сөзі «кейбір проблеманы ойлану және сыни талдау арқылы шешу» деген мағынаны білдіреді. Мимансаның пәні - карма немесе рәсім-салт мәселелері. Мимансаның бастапқы мақсаты - ведалық салт-рәсімді сақтау және қорғау. Сонымен қатар, Миманса философиясында таным теориясы, метафизика, этика теологиямен қатар қарастырылады.




Санкхья – қос реализмді, пуруша мен пракританы қабылдаған философиялық жүйе. Оның негізін қалаған Капила. Санкхья терминінің мағынасы туралы көп болжамдар таралған. Санкхья дегеніміз - сан, танымның объектілерін санау арқылы тану.



Веданта философиялық толғаныс пен талдауға толы бағдар. Веданта идеясы мынандай қағидаға сүйенеді: тұтас және елестеулі дүниенің, күллі нәрсенің түп негізі – Абсолютті шындық, Брахман. Ол — бөлінбес тұтас біреу. Әр адамның рухани «Мені», оның Атманы осы түп негізбен бара-бар.

Буддизм – Үндістанда (б. з.б. Үғ. кейін), Қытайда, Оңтүстік-Шығыс Азияда және басқа өңірлерде кең тараған діни-философиялық ілім. Буддизм негізін Гаутама Будда (Сидхардха Шакьямуни) (б.з.б.483 ж.) салды. Ол қиыншылыққа толы, күрделі өмір соқпақтарынан өтіп, б. з.д. 527 ж. “нұрланып”, өзінің уағыздарын тарата бастады.



Буддизмнің басты идеясы – **“Орта жолды”** ұстау, яғни шегіне жеткен екі жол: “ләззат жолы” (құмарлық, шаттану, енжарлық, тән мен жан рахаты) мен “аскетизм жолының” (азаптану, күйіну, өлімді аңсау, тән мен жан қасіреті) ортасын қалау, таңдау.

“Орта жол” – білім, даналық, ақылмен шектеу, зерделеу, нұрлану, өзіндік кемелдену жолы, оның түп мақсаты - ең жоғарғы игілік – Нирванаға жету.

Будда төрт ізгілікті ақиқатты айқындайды:

1. Бұл дүние қасіретке толы;
2. Қасіреттің өз себептері бар – байлық, құмарлық, атақ, даңқ, өмір ләззаты және тб.;
3. Қасіреттен арылауға, құтылуға болады;
4. Қасіреттен құтылудың жолы бар – ол пендешіліктен арылу, нұрлану, Нирвана.



Будда философиясы адамның өзіндік кемелденуі, Ұлы Азаптану-Нирванаға жетудің жолдарын көрсетеді. Бұл сегіз сатылы, сегіз буынды ұстаным, **сегіздік жол**: дұрыс көзқарас, дұрыс ойлау, дұрыс сөйлеу, дұрыс іс-әрекет, дұрыс өмір сүру, дұрыс зерделеу, дұрыс зейін қою, дұрыс күш-жігер.

Жайнизм – көне Үнді философиясының маңызды бағыттарының бірі, аттары аңызға айналған 24 тақуа-тиртханкар дамытқан. Олардың соңғысы – біздің дәуірімізге дейінгі VI-V ғасырларда өмір сүрген, Джина (Жын), немесе, Жеңімпаз деген атқа ие болған ойшыл Махавира болды. Жайндардың онтологиясы туралы айтсақ, олар заттарды санадан тыс және одан тәуелсіз өмір сүреді деп түсінді және бес немесе алты субстанцияны беліп көрсетті:

1) джива – тірі, жан, рухани субстанция; дживалардың саны шексіз көп; 2) зат; 3) кеңістік; 4- және 5) қозғалыс пен тыныштықты бейнелейтін дхарма мен адхарма; 6) уақыт. Жайндардың пікірінше, субстанциялар мәңгі және өзгермейді, өзгертін олардың көріністері ғана, заттан басқа субстанциялар бөлінбейді және формалары жоқ, яғни, олар сезім мүшелері арқылы қабылданбайды, сезілмейді және денесіз. «Тірі» болып есептелетін дживадан басқа субстанциялар «тірі емеске» жатады.

Чарвака-локаята – философиялық әдебиетте Көне Үнді философиясындағы материалистік деп қабылданған бағыт (локаятиктер). Негізін салушы Брихаспати деп есептеледі. Бірақ Көне Үнді ескерткіштерінде бұл ағым туралы мәліметтер кездеседі, сондықтан да соңғы болжам негізсіз. Чарвака-локаятаның материалистік сипаты оның таным теориясында айқын көрінеді. Таным-праманың негізі прамана ретінде локаятиктер логикалық түйін-тұжырымдарды емес, ақиқат екендігі күмән туғызбайтын қабылдауды ғана мойындайды, оның негізі – түйсіктер. Олардың пікірінше, адамдар көбіне ой түйіндеулерге сенеді де, қателеседі, ал оларда ақиқат сирек кездеседі, басқа сенімді адамның пікірі де біз үшін таным негізі бола алмайды.

Чарвака-локаяталар о дүниеге сенбейді, бұ дүние ғана бар және бұ- дүниедегі болмыс пен онда өмір сүруші заттар мәңгі және өзгермейтін төрт элементтен: жер, от, су және ауадан тұрады деп есептейді. Сана, ақыл және сезім мүшелерінің негізі де осы элементтер, олар мақұлық дүниеден өткенде ыдырайды. Локаятиктер жанның, Құдайдың бар екендігін терістейді. Олар адам өмірінің мән-мақсаты — осы нақты өмірде рахатқа болену, азап-қасіреттен аулақ болуға ұмтылу деп түсінді, яғни чарвака-локаята гедонизм принципін ұстанды.

Ежелгі Қытай философиясы.

Қытай философиясы өзінің даму барысында 3 кезеңнен өтті:

- Б.з.д. VII ғ. - б.з. III ғ. – ежелгі ұлттық философиялық мектептердің пайда болуы мен қалыптасуы.
- III ғ. - XIX ғ.ғ. Үндістаннан Қытайға буддизмнің енуі және оның ұлттық философиялық мектептерге ықпалы.
- XXІғ. – қазіргі замаңғы кезең – Қытай қоғамының біртіндеп ашыла басталуы, қытай философиясының еуропалық және дүние жүзілік философия жетістіктерімен сусындауы.

Қытайдағы ежелгі ұлттық философиялық ілімдер:

- Инь мен янь
- даосизм;
- конфуцийшілдік;
- легизм.

Онша көп таралмаған ілімдер:

- моизм;
- натурфилософия;
- номинализм.

- Көне Қытайдың негізгі философиялық ескерткіштері: «И цзин» -Өзгерістер кітабы», «Ши цзин» – «Өлендер кітабы», «Шу цзин» – «Тарих кітабы».

«И цзин» – «Өзгерістер кітабы» - 64 гексаграммалардан тұрады, олардың жүйесі үнемі өзгеріп отыратын дүниенің 64 күйі мен құрылымынан тұратын, Көк – Жер – Адам қатынасын білдіретін ілімді құрайды деп түсіндіріледі. Шығармада Қытай философиясының негізгі категориялары қалыптасқан, олар арқылы адамның өзін қоршаған ортаға деген қатынасы, кеңістік, уақыт, табиғи құбылыстар, әлеу-меттік өзгерістер туралы түсініктері бейнеленіп, Қытай қоғамының дәстүрлі көзқарастарының теориялық негізі қаланған деуге болады.

«Ши цзин» – «Өлеңдер кітабы» 305 поэтикалық шығармалардан тұрады. Конфуций өлеңдерді іріктеп, өңдеп, өзінің философиялық ілімінде қолданған, ал оның шәкірттері Конфуций мектебінің негізгі кітабына айналдырған деген болжам айтады. «Ши цзинді» басқа философиялық мектептер де зерттеді. «Өлеңдер кітабында» Көне Қытай қоғамындағы ван, дафу, чжухоу топтарының өмірі, адамгершілік келбеті, әлеуметтік қызметі жырланады.

«Ши цзин» – «Өлеңдер кітабы» 305 поэтикалық шығармалардан тұрады. Конфуций өлеңдерді іріктеп, өңдеп, өзінің философиялық ілімінде қолданған, ал оның шәкірттері Конфуций мектебінің негізгі кітабына айналдырған деген болжам айтады. «Ши цзинді» басқа философиялық мектептер де зерттеді. «Өлеңдер кітабында» Көне Қытай қоғамындағы ван, дафу, чжухоу топтарының өмірі, адамгершілік келбеті, әлеуметтік қызметі жырланады.

«Шу цзин» – «Тарих кітабы» немесе «Құжаттар кітабы». Кітапты алғаш рет Конфуций құрастырды, кейіннен әр түрлі ойшылдар оны бірнеше рет өңдеді (олардың кейбіреулері кітапқа өз мәтіндерін де қосып, араластырып жіберген), кейбір бөліктері біздің дәуірімізге дейінгі 213 жылы кітаптар өртелген кезде отқа жағылды деген пікірлер бар. Кітапта қарастырылатын негізгі мәселелер: адам және қоғам, адам және табиғат арасындағы үндестік, ата-баба салттары, Көктің адам мен қоғамға айқындаушы әсері және т.б.

(Кун- Фу-Цзы) – қазақтар оны
кейде Құндыз деп атайды – б.з.
б. 551-479

жылдары өмір сүрген. Оның
негізгі

шығармасы – “Лун Юй” –
“Сұхбаттар мен
пікірлер”.

***Конфуций философиясының
негізгі мәселесі:***

- Адамдарды қалай басқару,
жолға салу?
- Қоғамда өзін қалай ұстау?





Конфуцийшілдік – адамды әлеуметтік өмірдің өзекті мәселесі деп қарастыратын ежелгі философиялық мектеп.

Бұл мектептің өкілдері қоғамды басқарудың жұмсақ, қайырымды жолын ұсынды. Мысал ретінде, бастықтың қол астындағыларына билігі әкенің балаға деген қатынасындай болу керек.

Конфуцийдің алтын ережесі: өзің қаламағанды өзгеге істеме.

Конфуций ілімінің негіз құраушы ұстанымдары:

- қоғамда өмір сүру, қоғам үшін өмір сүру;*
- бір-біріңмен ымырашыл, мейірімді бол;*
- жасы үлкендер мен лауазымдарды сыйла;*
- императорға бағын;*
- Өзіңді ұстай біл, шектен шықпа;*
- бәрінде өлшемді сақта, шамаңды біл;*
- адамгершілікті сақта, кішіпейіл бол.*

Даосизм – қоршаған дүниенің құрылымы мен тіршілігінің негізін түсіндіру және адам, табиғат пен ғарыштың игілікке апаратын жолын табу мәселесін қарастырады.

Даосизмнің негізін б.з.б. ҮІғ. – б.з.б.Үғ. Басында өмір сүрген **Лао Цзы** (Қарт ұстаз) салды. Даосизмнің қайнар көзі – философиялық трактаттар “Дао-цзин” мен “Дэ-цзин”, екеуі бірігіп, “**Дао-Дэ-цзин**” деп аталды. Даосизмнің негізгі ұғымдары “**Дао**” және “**Дэ**”.

“Дао” – екі мағынаға ие:

- адам мен табиғаттың өзіндік дамуындағы қажетті баратын жолы, дүние тіршілігін қамтамасыз ететін әмбебаптық әлемдік заңдылық;
- барлық дүние, түпнегіз туындайтын субстанция, ол энергиясы қуатты бос қуыс.

“Дэ” – жоғарыдан туындайтын игілік; түпнегіз “Даоны” қоршаған дүниеге айналдыратын энергия, күш.

Лао-цзы бойынша **дао** болмыстың алғашқы себебі, Өзгермейтін бастау. Әрбір адам өзінің іс әрекетінде дао жолын ұстануы тиіс, “у-вэй” қағидасымен айналысуы қажет. “У-вэй” “тыныш келісу” деген мағына береді. Тағы бір мағынасы “ештеңеге араласпау”, еркетсіздік”.

Легизм – (заңгерлер мектебі) негізін салушы Шан Ян мен Хань Фей салды. Легизмнің негізгі мәселесі (конфуцишілдік сияқты) қоғамды қалай басқару керек деген мәселе болды. Легистер қоғамды басқарудың жолы заңға сүйенген мемлекеттік мәжбүрлеу, пәрменділікті жүзеге асыру деп білді. Сөйтіп күшті мемлекеттік билік философиясы болды.

Көне қытай философиясы



Ян

Инь



Инь және Ян мектебі өз бастауын «Өзгерістер кітабынан» (б.ж.с.д. VII-VII ғасырда) алады. Бұл кезең мифологиялық дүниетанымның тарих сахнасынан көшіп, философиялық көзқарастарға орын босата бастаған кезі болатын. Инь және Ян - әлемнің бастауында тұрған мәндер. Бірақ олар туралы ілім дуалистік сипатта емес, себебі барлық болмыс ол екеуінің біртұтастығы арқылы ғана бар бола алады.



Демек, олар диалектикалық бірлікте болатын қарама-қарсылықтар. Инь және Ян қағидалары аспан мен жер, ұрғашы мен еркек арасындағы қатынастармен тығыз байланысты, әрі олардың дамуына нұсқайды. Белсенділік көбіне Янға тән болады да, Инь енжарлық танытып отырады. Бірақ олардың бірлігі - диалектикалық дамудың көзі. Нәтижесінде заттар мен құбылыстар өзгерістерге ұшырайды. Мұндай өзгерістер адамдарға да қатысты болады. Аспан, жер, адам - бұлар үшкілдік бірлікте белгілі бір даму жолымен (дао) тіршілік кешеді.



Ян	Инь
Тері қабаты Арқа Сыртқы қабаттар	Ішкі денелер Кеуде көкірек Ішкі қабаттар

Зат	Ағаш	От	Жер	Темір	Су
Түс	Жасыл	Қызыл	Сары	Ақ	Қара
Дәм	Қышқы л	Ащы	Тәтті	Өткәр ащы	Тұзды
Құбыл ыс	Өсу	Өркен деу	Орта	Құлды рау	Маза
Мерзім	Көктем	Жаз	Соңы	Күз	Қыс
Жақтар	Шығыс	Оңтүст ік	Орта	Батыс	Солтүс тік



Назарларыңызға рахмет!